

References:

1. Law of the People's Republic of China "On the Protection of the Rights and Interests of Consumers" (2013) [Electronic resource] – URL: <https://ru.chinajusticeobserver.com/law/x/law-on-protection-of-consumer-rights-and-interests-20131025> (Date of access: 05/22/2024)
2. China's Law on Electronic Commerce (came into force on January 1, 2019) [Electronic resource] – URL: <https://ru.chinajusticeobserver.com/law/x/e-commerce-law-of-china-20180831> (Date of access: 05/22/2024)
3. Law of the People's Republic of China "On Product Quality" (2018) [Electronic resource] – URL: <https://ru.chinajusticeobserver.com/law/x/product-quality-law-20181229> (Date of access: 05/22/2024)
4. Law of the People's Republic of China "On Advertising" [Electronic resource] – URL: <http://law.uqlc.ru/advertisement.htm/5> (Date of access: 05/22/2024)
5. Law of the People's Republic of China "On Treaties" (Adopted by the 2nd session of the NPC of the ninth convocation on March 15, 1999) [Electronic resource] - URL: <https://chinahelp.me/information/> (Date of access: 05/22/2024)
6. Features of the application of the institute of mediation in the field of consumer rights protection in Russia and China [Electronic resource] – URL: https://urfac.ru/?p=1323#_ftn3 (Date of access: 05/25/2024)
7. The rise of consumption in China [Electronic resource] – URL: Source: <https://vuzru.ru/> (Date accessed 05/22/2024)
8. New rules for the application of administrative penalties for violations of consumer rights [Electronic resource] – URL: https://cnlegal.ru/china_economic_law/customers_rights_administrative_liability/ (Date of access: 05/22/2024)
9. Law of the Republic of Kazakhstan dated May 4, 2010 No. 274-IV On the protection of consumer rights. [Electronic resource] – URL: [Electronic resource] – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z100000274_z100274.htm (Date of access: 05/22/2024)

FTAXP: 10.23.65
ӘОЖ 347.19

10.51889/2959-6181.2024.76.2.007

С.С. Тинистанова¹

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚ СУБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасындағы заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында туындайтын әкімшілік жауаптылығы туралы талдау жасалған.

Заңды тұлға тәуекелге бара отырып, мүліктік жауапкершілік негізінде пайда табу үшін, мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бастамашылық қызметті жүзеге асыруға құқылы. Егер лицензиялауға жататын қызметті жүзеге асыратын болса, лицензия алуға міндеттенеді.

Заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметтегі әкімшілік жауаптылығы туралы бірнеше көз-қарастар қарастырылған.

Түйін сөздер: заңды тұлға, кәсіпкерлік қызмет, субъект, заңды тұлғаның жауаптылығы, статистика

Тинистанова С.С.¹

¹Жетысуский университет имени И. Жансугурова

ЮРИДИЧЕСКИЕ ЛИЦА КАК СУБЪЕКТЫ АДМИНИСТРАТИВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ В СФЕРЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

В статье анализируется административная ответственность юридических лиц в Республике Казахстан при осуществлении предпринимательской деятельности.

Юридическое лицо имеет право осуществлять предпринимательскую деятельность после государственной регистрации в целях получения прибыли на основании имущественной ответственности, принимая на себя риски. Если он осуществляет деятельность, подлежащую лицензированию, он обязуется получить лицензию.

В статье проанализированы позиции современных ученых касательно проблемы административной ответственности юридического лица в предпринимательской деятельности.

Ключевые слова: юридическое лицо, предпринимательская деятельность, субъект, ответственность юридического лица, статистика

Tinistanova S.S.¹

¹Zhetysu University named after I. Zhansugurov

LEGAL ENTITIES AS SUBJECTS OF ADMINISTRATIVE RESPONSIBILITY IN THE FIELD OF BUSINESS ACTIVITY

Abstract

The article analyzes the administrative responsibility of legal entities in the Republic of Kazakhstan when carrying out business activities.

A legal entity has the right to carry out entrepreneurial activities after state registration in order to make a profit on the basis of property liability, taking on risks. If he carries out activities subject to licensing, he undertakes to obtain a license.

There are several points of view on the administrative responsibility of a legal entity in business activities.

Keywords: legal entity, entrepreneurial activity, subject, liability of a legal entity, statistics

Негізгі ережелер. Заңды тұлға деп – қолданыстағы заңнамаға сәйкес меншігі бар, шаруашылық жүргізу және басқару құқығындағы өзіне тиесілі мүлкі бар, сол мүлікпен міндеттемелерді орындайтын, өзінің атынан белгілі бір құқықтар мен міндеттерге ие бола отырып, оларды жүзеге асыратын, сотта талапкер немесе жауапкер бола алатын ұйым танылады.

Заңды тұлғаның құқықабілеттілігі мен әрекетабілеттілігі. Азаматтық кодекстің 42-бабына сай, мемлекеттік тіркеуден өткен кезде құқықабілеттілігі де, әрекетабілеттілігі де бірдей пайда болады.

Әкімшілік жауаптылық. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің баптары негізінде заңды тұлғаларға сегіз түрлі әкімшілік жаза қарастырылған.

Кіріспе. Елімізде заңды тұлғаның әкімшілік жауаптылық субъектісі деп танылуы 2001 жылы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың қабылдануымен тікелей байланысты деп айтуға болады. Заңды тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық субъектісі ретінде ресми танылуы, сонымен қатар, жауапкершілік институтының пайда болуы көптеген қайшылықтар мен көзқарастарды қалыптастырды.

Заңды тұлғаның әкімшілік құқықбұзушылықтың субъектісі ретінде танылуына қатысты дау туындауының бірқатар себептері бар [1]. Мәселен, әкімшілік құқықбұзушылықтың негізгі белгісінің бірі – кінәлілік: әрекеттің қасақаналық пен абайсыздық түрінде болуымен сипатталады, яғни әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективтік жағы. Сондықтан әрекетті жасаушы адам болғандықтан, заңды тұлға әкімшілік жауаптылық субъектісі бола алмайды дегенге әкеліп тірейтін көзқарастар да пайда болды. Сондықтан осы мәселе төңірегіндегі зерттеулерге, ғалымдардың пікірлеріне тоқталатын боламыз.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы дайындауға әдіснамалық негіз болған жалпы ғылыми әдістер кешені: талдау, синтездеу, салыстыру әдістері.

Жүйелілік және статистикалық салыстыру әдістерін қолдана отырып, еліміздегі заңды тұлғалардың тіркелуі, әрекет ету деңгейіне баға беруге, талдауға мүмкіндік туындайды.

Зерттеудің эмприкалық негізі ретінде Қазақстан Республикасындағы шағын, орта, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне статистикалық мониторинг жасаған деректер, қайсысының басымдық танытып отырғандығы туралы салыстырмалы талдау нәтижелері, ғалымдардың көзқарастары алынды.

Нәтижелер және талқылау. Ғалымдар кәсіпкерлік қызметтің субъектілерін олардың ерекшеліктеріне қарай қарастырады. Мәселен, Г.Б. Меирбекова, А.Т.Камза кәсіпкерлік қызметтің субъектілерін ондағы жұмысшылардың орташа саны мен жылдық табысының көлеміне және жылдық орта табысына сәйкес үш топқа бөліп көрсетеді:

- шағын кәсіпкерлік;
- орта кәсіпкерлік;
- ірі кәсіпкерлік субъектілері [2, 46 б.].

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың құқықтық нысаны – бұл осы қызметті жүргізетін субъектінің заңмен бекітілген жағдайы, оның мүлкін қалыптастыру және пайдалану тәртібі және шаруашылық айналымындағы жауапкершілігі [3, 63 б.].

Г.Т. Байсалова Қазақстан Республикасы заңды тұлғалардың әкімшілік жауаптылығы туралы мәселені көп қозғаған жалғыз мемлекет емес екендігін, соңғы уақытта заңды тұлғалардың әкімшілік жауаптылық институты туралы зерттеу кеңінен орын ала бастағанын атап көрсетеді.

Заңды тұлғалардың заңда көзделген талаптарды сақтамауы, әсіресе, өнеркәсіптің салаларында, энергетикалық, байланыс жүйесімен, ақпараттық қамтамасыз ету, салықтар мен алымдарды уақытында төлемеу, жалтару, бағалы қағаздар, қаржы саласындағы, кедендік бақылау талаптарын бұзумен байланысты құқықбұзушылықтың субъектісіне айналып, өздеріне назар аударту заңды құбылысқа айналды десек те болады.

ТМД елдері мен Қазақстан Республикасының посткеңестік кеңістігіндегі заң әдебиеттерінде әкімшілік институтының құқықтық табиғаты мен ерекшеліктерін анықтауға қатысты даулар, әкімшілік құқықбұзушылық, заңды тұлғалардың жауапкершілігі және оларды әкімшілік жауапкершілікке тартудың негіздеріне қатысты әлі де болса даулы мәселелер аз емес. Автор еңбегінде А.В. Брызгалиннің көзқарасына талдау жасайды. А.В. Брызгалиннің пікірінше әкімшілік құқықбұзушылық жасалса, ол тек жеке тұлғаға немесе адамға қатысты болуы тиіс, яғни жауаптылық субъектісі азамат, жеке кәсіпкер, кәсіпорынның лауазымды тұлғасы ғана болуы мүмкін. Ол консервативті көзқарасты қатаң ұстанады және кеңестік әкімшілік құқық теориясында бекітілген тұжырымдарды қолдай отырып, заңды тұлға әкімшілік құқықбұзушылықтың субъектісі бола алмайтындығын ұсына отырып, заң алдында жауаптыны адам деп санайды және ол жауаптылыққа тартылуы үшін әкімшілік құқықбұзушылықтың төрт құрамы (субъектісі, объектісі, объективтік жағы, субъективтік жағы) дәлелденуі тиіс деп есептейді.

Лицензиямен ғана жұмыс жасауды талап ететін кәсіп салаларындағы заңды тұлғалардың құқыққабилеттілігі мен әрекетқабилеттілігі лицензия берілген уақыттан бастап туындайды және лицензияны қайтарып алса, қолдану мерзімі бітсе, заңда көзделген тәртіппен қызметін

тоқтатуға мәжбүр болады. Демек әкімшілік құқықтың құқыққабілеттілік шарттары мен азаматтық құқықтың құқыққабілеттілік шарттары екеуінің бірдей екендігін көруге болады. Заңды тұлғалардың әкімшілік-делдалдық қатынастардағы міндетті белгісі, сондай-ақ жеке тұлғаның міндетті белгісі азаматтық құқық субъектісінің болуы болып табылады.

Сондықтан Г.Т. Байсалова екі мәселеге басты назар аударады:

1. Кез келген әкімшілік – құқықтық субъект жауаптылық субъектісі бола бермейді. Мысалы, заңды тұлға ретінде тіркелген діни бірлестіктер, халықаралық ұйымдар, олардың біздің еліміздің территориясындағы өкілдіктері мен филиалдары, тіркелген отандық заңды тұлғалардың өкілдіктері.

2. Әкімшілік жауаптылық тек қана шаруашылық субъектілеріне ғана емес, заңды тұлғаға тән мәртебеге ие жария құқықтың субъектілеріне де қатысты. Бұл жерде мәселе қоғамдық заңды тұлғаларға байланысты қозғалып отыр, олардың негізгі мақсаты кәсібін жүзеге асыра отырып, қоғамдық сипат алған әртүрлі мәселелерді шешуге қатысу, қоғамдық бастамашылық қызмет жасау болып табылады, азаматтық айналымға қатысуды көздемейді.

Автор мұндай субъектілердің 2 тобын жіктеп, көрсеткен:

Біріншісі: еліміздің азаматтық заңнамасында заңды тұлға ретінде қарастырылған ұйымдар;

Екіншісі: заңды тұлға болып табылмайтындар, бірақ белгілі бір нормативтік актілерге сай осындай мәртебеге ие болғандар деп бөледі [4, 48-54 б.].

А.Н. Крамник заңды тұлғалардың әкімшілік жауаптылығына қатысты пікірінде заңды тұлға үшін салынатын айыппұл мөлшері лауазымды тұлғаға қарағанда айтарлықтай көп мөлшерде екендігін атап көрсетеді. Жалпы заң бойынша ең жоғары айыппұл лауазымды тұлғаға жеке тұлға ретінде елу айлық есептік көрсеткіштен, заңды тұлғалар үшін – бір мың айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек. Шын мәнінде, құқық бұзушылықтың жекелеген түрлері үшін (құқықбұзушылық еңбек заңнамасы, қаржы, бағалы қағаздар нарығы, банктік және кәсіпкерлік қызмет, тәртіп салық салу және басқару) жеке тұлғаға (лауазымды тұлғаға) айыппұл көрсетілген өлшемнен артық орнатылуы мүмкін, бірақ бес жүз негізгі бірліктен аспайды. Заңды тұлғаға айыппұл салу заңды тұлғаның кінәлі лауазымды тұлғасын құқық бұзушылық үшін жауаптылықтан босатпайды. Көріп отырғаныңыздай, екеуі де бір жасалған әрекет үшін бір мезгілде жауапкершілік субъектісіне айналады. Бір жағынан, бұл дұрыс болуы да мүмкін, өйткені заңды тұлға әкімшілік жауапкершіліктің субъектісі ретінде қарастырылып, әкімшілік құқықбұзушылықтың жекелеген түрлері үшін де жауаптылықты арттырады. Заңды тұлға өзінің қарамағындағы қызметкердің тиісті міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін жауаптылықта болуы мүмкін. Екінші жағынан, жасалған құқық-бұзушылық үшін логикалық тұрғыдан ойласаңыз лауазымды адам жауап беруге тиіс. Әкімшілік жауаптылық – ол жаза, А.Н. Крамник жауаптылық субъектісі заңды тұлға емес, адам болуы керек, алайда әлемдік тәжірибе басқаша ойда екендігін тұжырымдайды [5].

Статистикалық деректерге қарайтын болсақ, 2023 жылдың 1 желтоқсанындағы мәлімет бойынша тіркелген заңды тұлғалардың саны Алматы қаласы бойынша 148452 (28,1%), Астанада 101217 (19,1%), Қарағанды 29056 (5,5%). Ұлытау облысында 3009 (0,6%), Жетісу облысында 8217 (1,6%) және Абай облысында 8284 (1,6%) құрайды [6].

Олардың өсу динамикасын диаграммадан көруге болады (Диаграмма 1.).




Диаграмма 1. Республика бойынша заңды тұлғалардың тіркелу деңгейінің динамикасы

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан Республикасында 521 476 кәсіпкерлік субъектілері әрекет етеді екен. Тіркелген заңды тұлғалардың ішінде басым көпшілігінде жеке кәсіпкерлік басымдық танытады. Маусым айында 2023 жылдың мамыр айымен салыстырғанда тіркелген жеке кәсіпкерлік субъектілерінің саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда олардың саны 29,2%-ға өсті. Бұл ретте жұмыс істеп тұрған жеке кәсіпкерлік субъектілерінің санының – тиісінше 1,6%-ға және 33,5%-ға өсуі байқалады [7].

Б.А.Жетпісбаев қазіргі кезеңдегі қолданыстағы әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңнамаға сүйене отырып, «заңды тұлғаларды әкімшілік жауаптылық субъектісі» ретінде таниды

Заңды тұлғаларды автор жауаптылық субъектісі ретінде үш қырынан көрсетеді (сурет 1.).



Сурет 1. Заңды тұлғалар әкімшілік жауаптылық субъектісі ретінде

Заңды тұлғаларды кәсіпкерлік субъектісі ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени өміріндегі барлық салаларды қамтамасыз ету тетігі ретінде қарастыра отырып, мынадай тұжырымға келеді:

Белгілі бір әрекеттерді тікелей, рұқсат беру немесе әрекеттерді заңды тұрғыдан бекітуді жүзеге асыра отырып, басқару функцияларын жүзеге асыру арқылы жауаптылыққа ілінуі мүмкін. Яғни, заңды тұлғалар ұйымдастыру, басқару, қаржылық-шаруашылық қызметті тікелей іске асыра отырып, заңға қайшы әрекеттері үшін ғана жауаптылықта болады.

Мысалы, толық техникалық бақылаудан өтпеген немесе ақауы бар техникалық құралды пайдалануға жібергені үшін техникалық қауіпсіздікке жауап беретін тұлға да, сол техника тиесілі заңды тұлға да жауаптылыққа тартылады [8, 79 б.].

Э.А. Ашимова атап көрсеткендей, кез келген заңды тұлға өзінің іскерлік беделін қызметі барысында көрсетеді. Мәмілелер жасай отырып, қандай да бір әрекеттің қатысушысына айналады және белгілі бір құқықтар мен міндеттерге ие болады, кейбір жағдайда әрекеттері өзгеруі, тоқтатылуы да мүмкін. Осы әрекеттерді жасау барысында заңмен сыйыспайтын әрекеттерге барса, жауаптылық субъектісіне айнала кетеді [9, 260 -262 б.].

Әкімшілік құқықбұзушылық жасаған тұлғаларды жауаптылыққа тартудың жалпы негіздері мен ерекшеліктерін қарастыра отырып, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тарту негіздеріне қатысты ғылыми еңбектер болғанымен, әлі де болса дау туғызатын, пікірталастар туғызатын көптеген сұрақтар туындайды. Соған қарамастан, заңды тұлғаның құқықтық жауаптылығы әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің ерекше бөлігінде қарастырылған баптармен белгіленеді [10, 89 – 93 б.].

Е.Дьякова әкімшілік құқық теориясында «заңды тұлғаның кінәсі» категориясының мәселесі бойынша көптеген ұстанымдар бар екендігін алға тартып, заңды тұлғаның кінәсіне қатысты көзқарасын білдіреді және бүгінгі күні әкімшілік жауапкершілік туралы заңнамаға сай оны анықтаудың үш түрлі тәсілі бар екендігін көрсетеді:

- объективтік;
- субъективтік;
- ұйымдардың кінәсіз жауапкершілігі немесе объективті айыптау.

Классикалық (субъективті) көзқарастың теоретиктері әкімшілік жауаптылық субъектісі ретінде заңды тұлғаларды танымайды, мойындамайды, өйткені кінә, олардың пікірінше, жасалған құқыққа қарсы әрекетке қатысты адамның психикалық жай-күйімен және оның салдарымен тығыз байланысты.

Заңды тұлғаның әрекеті психикасы немесе ерік-жігеріне қатысы жоқ болғандықтан, тиісінше, өзі жасайтын әрекеттерде ол ешқандай психикалық қатынасқа ие бола алмайды. Яғни, заңды тұлғаның кінәсі оның өкілі болып табылатын тұлғалардың нақты кінәсіне негізделген абстракцияның бір түрі болып табылады. Сондықтан заңды тұлғаның кінәсін анықтау үшін қызметкерлердің кінәсінің нысанын анықтау қажет.

Заңды тұлғаның кінәсі өзінің қызметін дұрыс ұйымдастырмауынан, өзіне жүктелген тапсырмаларды талапқа сай орындау үшін қажетті әрекеттер жасамауынан, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жоюға күш салмауынан туындаған келеңсіз белгілердің жиынтығы болып табылады.

Осылайша, заңды тұлға өзінің іс жүзіндегі әрекеттері – талапқа сай әрекет етпегендіктен, шара қолданбауынан кінәлі деп танылады [11].

Е.С. Чаннов заңды тұлғалар жауаптылыққа тартылуы үшін тиісті күзінеттілігі бар органдар мен лауазымды тұлғалар олардың қаншалықты деңгейде кінәсі бар екендігін айқындауға міндетті. Көп жағдайда кемшілікті сол мекеменің немесе ұйымның кінәсінен болды деп жауаптылық субъектісіне жеке тұлғаны оңай айналдыра салуы әбден мүмкін [12, 56 – 65 б.].

Қорытынды. Қорыта келгенде, заңды тұлғаларды жауаптылыққа тартудың ерекшеліктері мен негіздерін қарастыра отырып, заңды тұлға жауаптылықтың ерекше субъектісі деген қорытынды жасауымызға болады. Себебі оларды әкімшілік жауаптылыққа тартудың өзіндік ерекшеліктері бар және олар құқықбұзушылық әрекеттерін жасаған кезде кінәсін айқындау мен тиісінше жаза тағайындау барысында біқатар мәселелер туындауымен ерекшеленеді.

Жалпы күнделікті өмірдегі тәжірибе көрсеткендей, заңды тұлғалар әкімшілік құқық-бұзушылық жасаса, бірінші кезекте банктік шоттарын бұғақтап, қызметіне тыйым салуы да кездеседі.

Көп жағдайда әкімшілік жазаның ең альтернативті түрі – айыппұл салуды жүзеге асырады немесе қызметіне тыйым салады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Азаматтық кодексі. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_#z40 (Өтініш берген күн: 17.04.2024)
2. Меирбекова Г.Б., Камза А.Т. Кәсіпкерлік пен бәсекелестіктің қалыптасу, даму тарихы және экономикалық рөлі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, 2021. «Юриспруденция»сериясы. - №1(63). – 44 – 48 бб.
3. Меирбекова Г.Б. Кәсіпкерлік қызмет және оның құқықтық нысаны // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, 2021. «Юриспруденция сериясы». - №3(65). – 61 – 65 бб.
4. Байсалова Г.Т. Административная ответственность юридических лиц: правовые особенности // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы, 2010. - № 2 (54). - С. 48 - 54.
5. Крамник А.Н. Некоторые вопросы административной ответственности юридических лиц. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: https://law.bsu.by/pub/26/Kramnik_10.pdf (Өтініш берген күн: 17.04.2024)
6. Тіркелген және қызмет жасап тұрған заңды тұлғалар. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-org/publications/109941/> (Өтініш берген күн: 17.04.2024)
7. Зарегистрированные юридические лица по размерности и формам собственности по состоянию на 1 июля 2023г. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-org/publications/5023/> (Өтініш берген күн: 17.04.2024)
8. Жетписбаев Б.А. Административная ответственность в Республике Казахстан. Учебное пособие. - Алматы: Данекер, 2000. – 233 с.
9. Ашимова Э.А. Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы, 2009.- № 2 (50). – 260 – 262 бб.
10. Терехова Л.А. Особенности административной ответственности юридических лиц // Вестник Омского университета, 2014. № 4 (41). - С. 89–93.
11. Дьякова Е. Юридическое лицо как субъект административной ответственности. Кто является виновным в правонарушении: организация или ее сотрудники? [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://www.advgazeta.ru/mneniya/yurlitso-kak-subekt-administrativnoy-otvetstvennosti/> (Өтініш берген күн: 17.04.2024)
12. Чаннов Е.С. Особенности административной ответственности юридических лиц // Юридическая наука, 2017. - №5. – С. 56 – 65.

References:

1. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Азаматтық кодексі. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_#z40
2. Meirbekova G.B., Kamza A.T. Kәsipkerlik pen bәsekelestiktің қалыптасу, даму тарихы және экономикалық рөлі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, 2021. «Jurisprudencija»serijasy. - №1(63). – 44 – 48 bb.
3. Meirbekova G.B. Kәsipkerlik қызмет және оның құқықтық нысаны // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, 2021. «Jurisprudencija serijasy». - №3(65). – 61 – 65 bb.
4. Bajsalova G.T. Administrativnaja otvetstvennost' juridicheskiz lic: pravovye osobennosti // ҚазҰУ хабаршысы. Заң serijasy, 2010. - № 2 (54). - S. 48 - 54.
5. Kramnik A.N. Nekotorye voprosy administrativnoj otvetstvennosti juridicheskiz lic. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: https://law.bsu.by/pub/26/Kramnik_10.pdf
6. Tirkelgen zhәne қызмет жасап тұрған заңды тұлғалар. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-org/publications/109941/>

7. Zaregistririvannye juridicheskie lica po razmernosti i formam sobstvennosti po sostojaniju na 1 ijulja 2023g. [Jelektron. resurs]. – 2024. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-org/publications/5023/>

8. Zhetpisbaev B.A. Administrativnaja otvetstvennost' v Respublike Kazahstan. Uchebnoe posobie . - Almaty: Daneker, 2000. – 233 s.

9. Ashimova Je.A. Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы // ҚазҰУ хабаршисы. Заң сериясы, 2009.- № 2 (50). – 260 – 262 бб.

10. Terehova L.A. Osobennosti administrativnoj otvetstvennosti juridicheskikh lic // Vestnik Omskogo universiteta, 2014. № 4 (41). - S. 89–93.

11. D'jakova E. Juridicheskoe lico kak sub#ekt administrativnoj otvetstvennosti. Kto javljaetsja vinovnym v pravonarushenii: organizacija ili ee sotrudniki? [Jelektron. resurs]. – 2024. – URL: <https://www.advgazeta.ru/mneniya/yurlitso-kak-subekt-administrativnoy-otvetstvennosti/>

12. Channov E.S. Osobennosti administrativnoj otvetstvennosti juridicheskikh lic // Juridicheskaja nauka, 2017. - №5. – С. 56 – 65.

МРНТИ: 10.01.11

10.51889/2959-6181.2024.76.2.008

УДК: 340.115

Толеубекова Б. Х.¹, Хведелидзе Т. Б.¹

¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К РАЗРАБОТКЕ ПРОЕКТА КОНЦЕПЦИИ РАЗВИТИЯ ЮРИДИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

Проблемы развития высшего юридического образования в Республике Казахстан становились предметом особого внимания со стороны высшего руководства страны в истории суверенного Казахстана дважды. Впервые проблемы высшего юридического образования поднимались в период активного процесса суверенизации бывших союзных республик. Это был начальный этап формирования казахстанской государственности в качестве самостоятельного суверенного субъекта в международном сообществе. К этому периоду относится факт открытия в 1994 году первого в Казахстане государственного юридического института. Второй раз высшее руководство страны поставило вопрос о развитии высшего юридического образования в 2021 году в Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года.

В названной Концепции разрешение проблем дальнейшего развития высшего юридического образования было выдвинуто в качестве одного из приоритетов, реализация которого должна быть осуществлена не позднее 2030 года, т.е. до истечения срока действия данной Концепции. Начало реализации этого приоритета условно можно отнести к апрелю-маю 2024 года – с момента создания Комитетом высшего и послевузовского образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан рабочей группы по разработке проекта Концепции развития юридического образования в Республике Казахстан.

С учетом государственной важности определения путей дальнейшего развития высшего юридического образования в Казахстане необходимо сначала определиться с методологическими подходами, в пределах которых должен разрабатываться комплекс проблем, имеющих концептуальное значение.

Ключевые слова: Концепция правовой политики, образовательное право, юриспруденция, высшее образование, методология исследования.